

№ / «
Педагогический колледж қаралды
Бекеминиң директоры Ж.К.Куанышева
Мектеп директоры



Аудандық білім облынің басшысы
Елбасының мемлекеттік мекемесі
Аудандық білім облынің басшысы
Б.Д.Сейлханов
09.08.2021

«Қарлығаш» шағын орталығы ересек топ

Тақырыбы:
«Ертегілер әлемі»
(Вариативтік компоненті)

Орындауды: Бекенова Е.А.
«Қарлығаш» шо тәрбиешісі
Ә/Б отырысында қаралды Утешова Ж.Б.
ӘБ жетекшісі
Хаттама №1 «08 2021ж.

Тексерілді: Каршығин Ә.К.Қаршығин.
Оқу ісінің менгерушісі

Түсінік хат

«Ертегілер әлемі» бағдарламасы балабақша балаларына арналады аптасына бир рет жылына 36 сағат. Ертегілер балалардың ойын, қиялын, сөйлеу тілін дамытуда үлкен роль атқарады. Сондықтан ересек топ тәрбиенушілері үшін ертегілерді оқытудың маңызы зор. Әр баланы жеке тұлға ретінде, оның шығармашылық әлеуетін, қабілеттілігі мен қызығушылықтарын дамыту мақсатында құрылған.

«Ертегілер әлемі» таңдау курсында қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, хайуанаттар жайындағы ертегілер қамтылған. Балалардың қабылдануына женіл, оқиғасы қызықты ертегілер таңдалап алынды. Балалар ертегілерді рөлдерге бөліп, сахналайды. Ертегіні қою барысында балалар әр түрлі құралдарды пайдаланады, басқа да ойыншылармен қарым-қатынасқа түседі. Рөлін іс-әрекетпен, сөйлеумен, мимикамен білдіреді.

Кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне қарай берілетін ертегілердің мазмұны әсерлі көңіл-күйді білдіре отырып, сезіне білуге үйретеді. Мектепке дейінгі жас балалардың қабілеттілігін, бейімділігін және сондай-ақ тілінің дамуына өте оңтайлы кезең. Мектеп жасына дейінгі балалардың театрландырылған іс-әрекеттерін ұйымдастыру балалар шығармашылығын және білім алудың жаңа қабілеттері мен дағдыларды үйренуге жағдай жасаумен қатар, балаға өмірде өзінің тиісті орнын табуға көмектеседі, өзін - өзі көрсете білуге ықпал жасайды. Әр түрлі ертегілер балалардың қызығушылықтарын арттырады және олардың тілдерін дамытады.

Мақсаты: балаларды топтастырып, бірге ертегіні сахналауға, рөлдерді орындауда икемділік, шынайлық, бірлесіп әрекет етуге үйрету, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту.

Балалардың бойында адамның көңіл-күйіне, бет пішінін, қымыл-қозғалыстарын, дауыс ырғағына қарай тани білу қабілеттерін дамыту.

Міндеттері: Топпен жұмыс жасауды, өзіне жүктелген міндеті толық атқаруды, бастаған істі тәзімділікпен аяқтауды. Балалардың әлеуметті ортада бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасаудың дағдыларын жетілдіру.

Балаларды айналаны қоршаған әлеммен, оның түрлі қыр-сырларымен, бейнелер, бояулар, дыбыстар арқылы таныстыру

Күтілетін нәтиже: - Ертегі кейіпкерлерінің рөлін орындауға икемді дамытып, өзінің жеке тілектестігін көрсетеді.

-Ертегі барысын үнемі өзгертіп, ауыстырып, мүмкіндігін қамтамасыз етіп отырады.

-Ойыншылардың арасында жолдастық қарым-қатынас қалыптастырады.

-Ертегіде бала шығармашылыққа еркіндік береді.

Ақпараттық – әдістемелік бөлім

Балалардың жас ерекшелік тобында ертегінің бала дамуына ықпалы зор. Бұл бағдарламада балаларды сажналап, рөлдерге бөліп жұмыс жасау дағдыларында көрсете білген. Бұл ертегінің тәрбиелік мәні зор, өмірімен байланыстырылып, адамгершілікке, мейірімділікке баулиді, үйретері мол. Бұл бағдарламада алынған ертегілер бір-біріне ұқсастығы жоқ. Бірі достық туралы болса, ал бірі жақсылық пен жамандық, айлакер, құлыш туралы, ал бірі байлық, денсаулық және еңбек туралы ертегілер.

Әдіс-тәсілдері

Бағдарлама көзделген мақсатқа сай баланың жеке басын қалыптастыра отырып, балалар колективінің дамуында басты роль атқарады. Балаларға ертегі арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған.

Көрнекілік:

Ертегілер мазмұнына сәйкес суреттер, ертегі көруге байланысты компьютер және теледидар сияқты көрнекі құралдар пайдаланылады.

Ертегілер әлемі

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	«Бақша ағаштары»	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	1
2	Мақта қыз бен мысық (ертегіні әңгімелей)	Ойын арқылы кейіпкерлердің рөлін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру.	1
3	Мақта қыз бен мысық (ертегіні сахналау)	Тілдерін жаттықтыру.	1
4	«Күшік пен мысық»	Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру.	1
5	«Тұлқі мен тырна» ертегісі (оқу, талдау)	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	1
6	«Тұлқі мен тырна» ертегісі	Шалқанды отырғызу кезінде айтылатын өлең шумағы арқылы балалардың тілдерін байыту және білімдерін кеңейту.	1
7	«Қызыл телпек»	Белсенді балаларды кейіпкерлер дің рөлдерін эмоция арқылы көрсете білуге үйрету.	1
8	Қызыл телпек ертегісін сахналау	Кейіпкерлердің рөлін атқара білуге дағдыландыру.	1
9	«Дос іздеген бота»	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	1
10	«Дос іздеген бота» ертегісін сахналау	Ойын арқылы кейіпкерлердің рөлін таңдай отырып,	1

		балалардың қызығушылықтары н арттыру.	
11	«Алтын балта»	Балаларға алтын балта ертегісімен таныстыру. Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-өимылдарын, көрсете алуға үйроету. Тілдерін жаттықтыру.	1
12	«Мақтаншақ қоян» ертегісі (оқу, талдау)	Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру, ертегіні сахналуа.	1
13	«Тұлкі мен ешкі»	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	1
14	«Әдеп»	Балалардың тілдерін байыту және білімдерін кеңейту.	1
15	«Тышқанның өсиеті» ертегісі	Белсенді балаларды кейіпкерлердің рөлдерін эмоция арқылы көрсете білуге үйрету.	1
16	«Тышқанның өсиеті» жандандыру	Кейіпкерлердің рөлін атқара білуге дағдыландыру, ертегіні сахналуа.	1
17	«Үш аю» ертегісі	Балаларды ертегі желісіне айланысты суреттерді орналастыруды үйрету. Ертегі желісін түсініктеп артыру. Ертегі желісін түсініп тындай білуге тәрбиелеу	1
18	«Үш аю» ертегісі сахналуа	Қимылды ойындар арқылы кейіпкерлердің рөлін айтып,	1

		белсенді балаларды таңдай отырып, қызығушылығын арттыру.	
19	Мақтаншақ бақа	Ертегідегі қоян мен тұлкінің сөздерін балаларға үйрету. Тұлкі мен қояндар арасындағы диалог.	1
20	«Мақтаншақ бақа» ертегісін сахналау	Балалардың рөлді дұрыс ойнай білуін және сөздердегі әр дыбыстарды анық айтударын қадағалау. Ертегіні сахналау.	1
21	«Бір уыс мақта»	Ертегі мазмұнымен таныстырып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру.	1
22	«Күн, ай және әтеш»	Ойын арқылы балаларды рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуда үйрету.	1

23	«Құмырсқаның серуені». Оку, әңгімелуеу.	Кейікерлердің сөздерін дұрыс айтударын қадағалау және рөлдерін ретімен орындауға үйрету.	1
24	«Құмырсқаның серуені». сахналау	Ертегінің мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс – әрекетіне қарап, әсерлі көніл- күйін білдіре отырып сезіне білуге үйрету. Ертегіні сахналау.	1
25	«Үш торай»	Үш торай туралы білімдерін толықтыру. ой-өрісін, есте сақтау қабілетіндамыту. адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу	1
26	«Жеті лак»	Ойын арқылы балаларды	1

		рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету.	
27	«Жеті лақ» ертегісін сахналау.	Ертегіге деген қызылушылықтарын арттыру.	1
28	«Үйшік» ертегісін сахналау	Әр баланың өз рөлін дұрыс орындаудың қадағалау. Ертегіні сахналау.	1
29	«Алтын айдарлы әтеш» ертегіci	Ертегінің мазмұнымен таныстыру.	1
30	«Жібек сақалы бар, майға батырып алған басы бар»	Кейіпкерлердің рөлдерін бере отырып, балаларға сөздері мен қимыл – қозғалыстарын үйрету.	1
31	«Сымбатты әтеш»	Балаларды ертегіні диалог бойынша орындауға үйрету.	1
32	«Алтын айдарлы әтеш» ертегіci	Ертегідегі кейіпкерлердің рөлін дұрыс орындауларын қадағалау, сахналау.	1
33	«Екі дос»	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	1
34	«Бір үзім нан»	Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру.	1
35	«Үш жалқау»	Ертегінің мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс – әрекетіне қарап, әсерлі көніл- күйін білдіре отырып сезіне білуге үйрету. Ертегіні сахналау.	1
36	«Тышқан мен жылан»	Белсенді балаларды кейіпкерлердің рөлдерін эмоция арқылы көрсете білугеүйре	1

Қолданылған әдебиеттер

Тәрбиешілерге:

1. «Тіл ашар», Алматы - «Жалын», 1989 ж.
2. Қирабаев С., Мырзалиев Қ. «Қазақ әдебиеті» Алматы -«Мектеп», 2001 ж.
3. «Алақай» хрестоматиясы - Көркем сөз әлемі, Алматы - «Аруна» баспасы.
4. «Мен және бәрі, бәрі, бәрі» хрестоматиясы, Алматы - «Аруна», 2006 ж.
5. Әмірова Ә. «Дәстүрлі тәрбие», Алматы - «Арда», 2006 ж.
6. Қожахметова Х. «Мәнерлел оқу», Алматы - «Мектеп», 1982 ж.

Тәрбиеленушілерге:

7. Фабдуллин М. «Қазақ халықының ауыз әдебиеті», Алматы: 1964 ж.
8. Нұсіпбекова М.И., Сейілгазинова С.А. «Қарлығаш» хрестоматиясы, Астана – «Арман-ПВ», 2007 ж.
9. «Халық ауыз әдебиеті», Алматы: 1974 ж.
10. «Отбасы және балабақша» журналдары.
11. Ғаламтор.